

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің қоғамдық бақылау (мониторинг)
ХАТТАМАСЫ №10**

Қордай ауылы

10.05.2026 жыл

Қордай ауданында балалардың жазғы демалыс кезеңіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында су айдындарындағы қауіпсіздік талаптарының сақталуына қоғамдық бақылау (мониторинг) жұмыстары жүргізілді.

Аталған шараға Қордай аудандық қоғамдық кеңесінің мүшесі Ж. Орақбай, Жамбыл облысы Төтенше жағдайлар департаментінің аға инженері, азаматтық қорғау подполковнигі Н. Тілеубердиев, Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғи пайдалануды реттеу басқармасының бас маманы Д. Камердин, Қордай ауылдық округі әкімінің орынбасары А. Мықышев және Бетқайнар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Е. Омарбаев қатысты.

Мониторинг барысында Қордай ауданындағы «Алмаз» және «Гавайи-Қордай» жаппай демалыс орындарының жағажайлары тексерілді. Тексеру кезінде суға шомылу аймақтарының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі, ескерту және ақпараттық белгілердің орнатылуы, құтқару құралдарының болуы, демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары назарға алынды.

Мамандар мен қоғамдық бақылау тобы демалыс орындарының әкімшіліктеріне балалар мен жасөспірімдердің судағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажеттігін ескертті.

Жаз мезгілінде су айдындарында орын алуы мүмкін төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында ата-аналарға балаларын қараусыз қалдырмау, тек арнайы жабдықталған және рұқсат етілген орындарда ғана шомылуға рұқсат беру жөнінде кеңестер берілді және балалардың қауіпсіздігін басты назарда екенін айтты.


Мұндай мониторингтік іс-шаралар тұрғындардың қауіпсіздік мәдениетін арттыруға, сондай-ақ балалардың жазғы демалысын қауіпсіз әрі мазмұнды өткізуіне ықпал етеді.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы



Р.Имашева